ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

20 МАРТА 2026 года ПЯТНИЦА № 12 (1820)

Наш профиль в Instagram

saran_today, saran_gazeti · sarangazeti · sarangazeti.kz

## ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Ғасырлар қойнауынан бастау алған әсем көктем мерекесі – Наурыз мейрамы біздің үйлерімізге келіп жетті.

Наурыз мейрамы жасампаздықтың, сұлулықтың нұрын шашып, халқымыздың мәдениеті мен дәстүрінің ұлылығын, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді айқын көрсетеді.

Осы күндері еліміздің барлық тұрғындары – үлкені де, кішісі де – кең дастарқан басына жиналып, ұлтына, тіліне, дініне қарамастан, жақындары мен достарымен мерекенің қуанышын бөлісіп, ұлттық тағамдарды ұсынады.

Дана халқымыз: «Байлық байлық емес, бірлік – байлық», - деп бекер айтпаса керек.

Наурыз – жаңару мен жаңа бастамалардың кезеңі. Табиғаттың жаңғыруымен бірге біздің сүйікті Саран қаламыз да көркейіп келеді. Жаңа үйлер бой көтеріп, кәсіпорындар ашылып, инфрақұрылым жақсаруда.

**Құрметті жерлестер!**

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, әр шаңыраққа шаттық тілейміз!

Ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасында әрдайым бейбітшілік пен келісім орнасын!

***Д. БҰЛҚАЙЫР,***
***Саран қаласының әкімі***

***О. БАЙМАГАНБЕТОВ,***
***Саран қалалық мәслихатының төрағасы***

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АКТАС!

В наши дома приходит прекрасный весенний праздник Наурыз мейрамы, берущий своё начало из глубины веков.

Излучая энергию созидания, красоты и любви, Наурыз мейрамы отражает величие культуры и традиций нашего народа, мир и согласие в нашем обществе.

В эти дни все жители нашей страны, и стар и млад, собираются за щедрым дастарханом, чтобы с открытой душой разделить со своими близкими и друзьями - независимо от этноса, языка, вероисповедания - радость праздника, угостить их традиционными весенними яствами и национальными угощениями.

Как гласит казахская пословица: «Истинное богатство не в достатке, а в единстве».

Наурыз — это время обновления и новых начинаний. Вместе с пробуждением природы преображается и наш любимый город Сарань. Строятся новые дома, открываются предприятия, улучшается инфраструктура.

**Дорогие земляки!**

От всей души поздравляем вас с праздником Наурыз!

Желаем вам крепкого здоровья, благополучия, уюта в каждом доме, любви и добра! Мира и согласия в нашем общем доме – Республике Казахстан!

**Д. БҰЛҚАЙЫР,**
**аким города Сарани**

**О. БАЙМАГАНБЕТОВ,**
**председатель Саранского городского маслихата**

» РЕФЕРЕНДУМ - 2026

# ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН ЖАСАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

***15 наурыз күні – елімізде жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдум өтті. Тарихта қалатын саяси науқанға Саран қаласының тұрғындары да белсене қатысып, өз таңдауын жасады.***

Қала бойынша сағат таңғы 07:00-ден бастап, кешкі 20:00-ге дейін 20 референдум учаскесі жұмыс істеді. Ең бірінші болып келген азаматтарға арнайы сыйлықтар үлестірілді.

Бұл күн - әр буын өкілдерін біріктірді. Қала жастары, қазыналы қариялар, кеншілер, белсенді өмір сүру орталығына баратын аға буын өкілдері және Саран қаласының ардагерлер кеңесінің мүшелері дауыс беруге белсене қатысты. Жанұясымен келіп, дауыс берген отбасылардың қатары да аз болмады.

*- Бүгін, енді, біздің еліміз үшін, қазақ халқы үшін үлкен ерекше күн болып тұр. Ана болғаннан кейін бәріміз де балаларымыздың, немерелеріміздің болашағы жарқын болсын дейміз. Сондықтан да аспанымыз ашық, бейбіт өмірде бақытты өмір сүрейік. Еліміз аман болсын, жұртымыз тыныш болсын, - деді Саран қаласының аналар кеңесінің төрағасы Г.Жүсіпбекова.*

Дауыс беру учаскелеріне «ТЭМПО - Қазақстан», «A.V. Group» зауыттарының, «Сараньтеплосервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлері ұжыммен бірге келіп, өз таңдауын жасады.

*- Бүгін ұжыммен бірге біз референдумге қатыстық. Менің ойымша, референдумге қатысу – әр азаматтың парызы,- деді «Сараньтеплосервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің заңгері Нұртас Көкенаев.*

Мерекелік көңіл-күй қалыптастыру мақсатында кейбір учаскелерде әуезді әндер орындалып, тұрғындарға қолжетімді бағада жәрмеңкелер ұйымдастырылды. Шырынды жемістер, көкөністер мен ет өнімдері сатылды.

Сондай-ақ, бұл күні тұрғындардың қолайлығы үшін қоғамдық көліктер тегін қызмет көрсетті. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де «Инватакси» тегін такси қызметін ұсынып, дауыс беру орындарына емін-еркін жетулеріне барлық жағдай жасады.

Референдум кезінде әр учаскеде бақылаушылар отырып, барлығы ашық әрі заң талаптарына сай өтуін қадағалады.

***Дина ӘБДІҒАЛИЕВА***







» ФОРУМ ДЕПУТАТОВ

# Диалоговая площадка для депутатов всех уровней




***В начале недели в Астане проходил III Республиканский форум депутатов всех уровней с участием Президента нашей страны Касым-Жомарта Токаева.***

Это масштабное мероприятие, на которое собрались представители со всей нашей страны. Наш город представляли депутаты О. Баймаганбетов, Н. Тажибаева, В. Алескеров, Ж.Жаяубаев, Б. Майпасова, Я. Савчин.

Глава государства обозначил ключевые направления развития страны и подчеркнул важность эффективной работы депутатов всех уровней и их ответственности перед гражданами.

Среди главных инициатив — повышение доходов регионов, расширение полномочий маслихатов и усиление их роли и многое другое.

Безусловно, такие встречи полезны, поскольку дают возможность обсудить различные направления деятельности депутатов. Прошедший форум не стал исключением, став хорошей диалоговой площадкой для решения важных вопросов.

***Соб.инф.***

» ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# БІР УАҚЫТТА ТӨРТ ТҮРЛІ БАҒЫТ ҚАМТЫЛДЫ

***12 наурыз күні республикалық референдум қарсаңында Саран қаласының мәдениет үйінде «Жасай бер, Қазақ елі!» атты мазмұнды семинар-тренинг өтті.***



Бір уақытта төрт түрлі бағытты қамтыған, қоғамның әр буынын біріктірген ерекше сипаттағы шараның ашылу сәтінде мемлекеттік рәміздердің қолдану және пайдалану мониторингілеу жөніндегі Қарағанды облыстық инспекциялық тобының және облыстық дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі Шахмарал Кабулова, қалалық ақпараттық-түсіндіру тобының жетекшісі Ғалия Туртбаева, Саран қаласының Құрметті азаматы, ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұмабике Токушева, жастар ресурстық орталығының басшысы Айым Қанапиянова сөз сөйледі.

Оған аға буын өкілдері, тіл еңбеккерлері, әділет саласының мамандары және адвокаттар, мемлекеттік мекемелердің, прокуратура, полиция бөлімінің өкілдері, сондай-ақ қала еріктілері мен жастары белсене қатысты. Конференциялық жиыннан кейін қатысушылар берілген бейджиктердің түстеріне сәйкес төрт топқа бөлінді.

Бір мезетте «Заң және тәртіп», «Елтану», «Таза Қазақстан», «Цифрландыру және жасанды интеллект» бағыттары бойынша секциялық кездесулер ұйымдастырылды. Әр секцияда өзекті мәселелер талқыланып, қатысушылар еркін пікір алмасты. Қоғамға пайдалы ойларын ортаға салып, патриоттық рухты арттыратын, ел дамуына жаңа серпін беретін тың идеяларымен бөлісті.

- Жалпы бұл тақырыптардың өзінде үлкен мән-мағына жатыр. Себебі барлық осы төрт секцияны біріктіргенде еліміздің даму жолындағы үлкен бір еңбек шығады деп ойлаймын, - деді жастар ресурстық орталығының басшысы Айым Қанапиянова.

Мәселен, «Заң және тәртіп» секциясын Саран қаласы әкімі аппаратының бас инспектор-заңгері Светлана Теплякова ашып, жүргізді. Бұл секцияға облыстық дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі Шахмарал Кабулова, Саран қаласы прокуратурасының прокуроры Татьяна Харитонова, Саран қаласының ПБ ҚҚБ бастығы Шоқан Косжанов қатысты. Онда құқықтық нормалар мен профилактикалық жұмыстар, заң мен құқықтың маңыздылығы кеңінен талқыланды.



«Елтану» секциясында Саран қаласының ақпараттық-түсіндіру тобының жетекшісі Ғалия Туртбаева Саран қаласының ертеңі мен бүгіні туралы сыр шертіп, қаланың мерейлі мерейтойларына орай басылып шыққан кітаптар жайлы айта отырып, тарихымен бөлісті. Саран қаласының Құрметті азаматтары, аға буын өкілдері тағылымды ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, №6 жалпы білім беретін мектептің ұстаздары С.Н. Матвиенко мен В.В. Легкошкурдың өлкетану бағытында жүргізген еңбектері де назардан тыс қалмады. Қала ақсақалдары Ж. А.Ашимов, С. Х. Мұстафин, Т. У.Ахметжанов және ардагерлер кеңесінің мүшелері де өз тараптарынан бірқатар ұсыныс білдірді.

«Таза Қазақстан» секциясында қала жастары мен еріктілері, табиғат жанашырлары басқосты. Олармен бірге «ДОБРОВОЛЕЦ» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы В.В.Стецко болды. «Саран қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ жастар ісі жөніндегі инспекторы Ольга Мирошниченко қатысушыларға қоршаған ортаны сақтауға, экомәдениеттің маңыздылығы жайлы айта отырып, тақырыпқа сай деректерді ұсынды. Берілген ақпаратты бекіту үшін қатысушылармен топтық ойын ойнатылып, сергіту сәті де ұйымдастырылды.

- Бұл жерде «Таза Қазақстан» секциясы өтіп жатыр. Онда біз қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық қағидаттар жайлы айтатын боламыз. Одан бөлек, қаламызда түрлі акциялар, сенбіліктер жиі өткізіліп тұрады, - деді қала еріктісі Аяжан Орынбек.

«Цифрландыру және жасанды интеллект» секциясы да жастардан құралды. Тек бұл жерде робототехникаға бейім, ғылымды сүйетін жастар қауымы басымырақ болды. Жастар ресурстық орталығының басшысы Айым Қанапиянова жүргізген кездесуде Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының адвокаты Юлия Давыдова, №17 мектеп-гимназиясының информатика мен робототехника мұғалімі, «Robo Stars Saran jr» командасының жетекшісі Асель Акшалакова қатысты.

- Бүгінгі шара өте мазмұнды өтті. Балаларға рақмет, өз ойларымен бөлісіп, робототехника, цифрландыру, жасанды интеллект бойынша алдағы мүмкіндіктеріміз туралы айтып берді, - деді Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының адвокаты Юлия Давыдова.

Робототехника бағытында зор белестерге жетіп жүрген мектеп оқушыларының ұстазы Асель Акшалакова да маңдай термен келген жетістіктерді айта отырып, жастарды одан сайын шабыттандыра түсті.

- Менің робототехникамен айналысып жүргеніме 3 жылдай болды. Мен «First Lego League», «Роболенд», «Fibonacci» секілді көптеген жарыстардан жүлделі орындарға ие болдым. Біз жобаларымызда жасанды интеллектіні қолданамыз. Мысалы, көру қабілеті нашар адамдарға толыққанды өмір сүруге көмектесетін жобамыз бар, - деді №17 мектеп-гимназиясының оқушысы Ясина Сагатова.

Жан-жақты қамтыған, түрлі ақпаратқа қаныққан болған «Жасай бер, Қазақ елі!» семинар-тренингінің қатысушылары шара соңына қарай әр секциядан алған әсерлерімен, өз ойларымен бөлісті. Бірқатар ұсыныстарын білдіре отырып, жақсы көңіл-күймен тарқасты.

***Дина ӘБДІҒАЛИЕВА***

» ЖКХ

# Сарань развивается



***В Сарани продолжается системная работа по развитию городской инфраструктуры, улучшению качества жизни жителей и модернизации коммунальных сетей. Итоги 2025 года показывают: сделано немало, а впереди — ещё более масштабные задачи.***

В течение года проведено техническое обследование многоквартирных домов в разных микрорайонах города. Эти работы позволяют своевременно выявлять проблемные здания и принимать решения по их дальнейшей эксплуатации или сносу.

Особое внимание уделено ликвидации аварийного жилья. Подготовлена проектно-сметная документация для сноса домов в нескольких микрорайонах, что станет важным шагом к обновлению городской застройки.

Одним из ключевых направлений стала модернизация системы теплоснабжения. Проведён ремонт магистральных и внутригородских тепловых сетей, обновлено оборудование котельных, установлены новые котлы и насосы. Это позволило повысить надёжность подачи тепла в жилые дома и социальные объекты.

Параллельно велись работы по обеспечению стабильного водоснабжения и водоотведения: ремонт насосных станций, замена оборудования, обновление гидрантов и водопроводных элементов.

В прошлом году в Сарани активно развивалась система уличного освещения. Установлены сотни новых опор освещения, проведена замена светильников и ремонт электрических сетей. Работы охватили как центральные улицы, так и частный сектор.

Кроме того, для повышения безопасности дорожного движения установлены новые дорожные знаки, обновлена разметка, а также внедрены современные светодиодные пешеходные переходы.

Значительный объём работ выполнен по ремонту автомобильных дорог. Проведён как ямочный ремонт, так и средний ремонт улиц в разных частях города и посёлках.

Отдельное внимание уделено подъездным путям к промышленным зонам, что важно для развития экономики и логистики.

Город заметно преобразился благодаря работам по благоустройству. В 2025 году обновлены скверы и общественные пространства, установлены новые детские и спортивные площадки, обустроены тротуары и дворовые территории, установлены остановочные павильоны, созданы парковочные зоны, проведено озеленение и установка малых архитектурных форм.

Особую роль сыграла программа «Бюджет народного участия», благодаря которой реализованы проекты, предложенные самими жителями.

Для предотвращения паводков проведены масштабные работы: установка водопропускных труб, очистка ливневых канализаций, укрепление защитных валов и прокладка обводных каналов.

Также выполнялись мероприятия по санитарной очистке города и содержанию территорий.

В следующем году работа будет продолжена с акцентом на дальнейшее развитие инфраструктуры.

В числе приоритетов: ремонт и модернизация тепловых и водопроводных сетей, продолжение сноса аварийного жилья, развитие уличного освещения и электросетей, содержание и ремонт дорог, благоустройство дворов и общественных пространств, реализация новых проектов в рамках «Бюджета народного участия», развитие транспортной инфраструктуры и поддержка социально значимых маршрутов.

Планируется также реализация проектов по реконструкции дорог и путепроводов, что улучшит транспортную доступность города.

Сарань уверенно движется вперёд: обновляются коммуникации, улучшается внешний облик города, создаются комфортные условия для жизни.

Работа продолжается — и уже в ближайшие годы жители смогут увидеть ещё больше позитивных изменений.

***Б. МАЙПАСОВА***






**Саран қаласының әкімдігі «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ желісі бойынша** «Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы бойынша қатысуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды.

**Бағдарламаға қатысуға өтінімдерді қабылдау:**
Қабылдау мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 65 үй, 8 кабинет
Өтінімдерді қабылдау кезеңі: 2026 жылғы 19 наурыздан бастап 2026 жылғы 09:00-ден 1 сәуірге дейін сағат 17:00-ге дейін (қоса алғанда).

МАҢЫЗДЫ! Бағдарламаға **Қарағанды облысы бойынша** «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасында тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған **Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастар**, оның ішінде **әкімдіктер мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен мекемелерінің Қарағанды облысы бойынша тұрғын үйге кезекте тұрған қызметкерлері (азаматтардың барлық санаттары)** қатыса алады.

**Бағдарламаның шарттары:**
- **Тұрғын үй түрі:** сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй.
- **Жалдау мерзімі -** 20 жылға дейін.
- **Сыйақы мөлшерлемесі -** жылдық 3,1%.
- **Бастапқы жарна -** талап етілмейді.
- **Жалдау құны** - 1 ш.м. үшін 1981,95 теңге.
- Қалдық құны бойынша мерзімінен бұрын сатып алу мүмкіндігі бар.
- Жалға алу мерзімі аяқталғаннан кейін тұрғын үй жалға алушының меншігіне өтеді.

**Нысанның орналасқан жері - Саран қаласы, ш/а. Химик, 105, 106, 114, 115, 116, 116А, 118, 119, 120, 120А үйлер.**
**Пәтерлердің жалпы саны –** 260 (1 бөлмелі – 56, 2 бөлмелі - 105, 3 бөлмелі - 99).

**Ай сайынғы төлемдер бойынша есеп айырысулар:**

| Пәтер түрі | Ауданы, м² | Ай сайынғы төлем |
|---|---|---|
| **1 бөлмелі** | 30,1-ден 34,8-ге дейін ш.м. | 59 656,70-тен 68 971,86-ға дейін теңге |
| **2 бөлмелі** | 50,4-тен 54,1-ге дейін ш.м. | 99 890,28-ден 107 223,50-ге дейін теңге |
| **3 бөлмелі** | 58,2-ден 74-ке дейін ш.м. | 115 349,49-дан 146 664,30-ға дейін теңге |

**Тізімді қалыптастыру үшін ақпарат**

**Бағдарламаға қатысуға өтінімде келесі ақпаратты көрсету керек:**
Үміткердің тегі, Аты, Әкесінің аты, ЖСН, Туған күні, Кезекке қойылған күні, Ұялы телефон, Куәліктің деректері (жеке куәлігінің нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі), Электрондық пошта, Бөлмелер саны.

Байланыс: +7 (7172) 79-75-75 (вн. 2791, 2789, 2783, 2786); 87787945050 (әкімдіктің қызметкері).
Жедел соғу желісі: 8 (800) 080-44-48.
Толығырақ сайтта: www.khc.kz.





**Акимат города Сарани** объявляет о начале приема заявок на участие по программе «Арендное жилье с правом выкупа» **по линии АО «Казахстанская Жилищная Компания»**.

**Прием заявок на участие в программе:**
Адрес приема: город Сарань, улица Жамбыла, д. 65, кабинет 8
Период приема заявок: с 19 марта 2026 года с 09:00 ч. по 1 апреля 2026 года до 17:00 ч. (включительно).

ВАЖНО! В программе могут принять участие **граждане Республики Казахстан и кандасы**, состоящие на учете нуждающихся в жилье в электронной базе «Центр обеспечения жилищем» **по Карагандинской области,** в том числе **работники акиматов и их подведомственных организаций и учреждений**, состоящие в очереди на жилье **по Карагандинской области (все категории граждан)**.

**Условия программы:**
- **Тип жилья:** Арендное жилье с правом выкупа.
- **Срок аренды** – до 20 лет.
- **Ставка вознаграждения** – 3,1% годовых.
- **Первоначальный взнос** – не требуется.
- **Стоимость аренды** – 1981,95 тенге за 1 кв.м.
- Возможность **досрочного выкупа** по остаточной стоимости.
- Жилье переходит в собственность арендатора по окончании срока аренды.

**Месторасположение объекта –** г. Сарань, мкр. Химик, д. 105, 106, 114, 115, 116, 116А, 118, 119, 120, 120А.
**Общее количество квартир** – 260 (1-комн. – 56, 2-комн. – 105, 3-комн. – 99).
**Расчеты по ежемесячным платежам:**

| Тип квартиры | Площадь, м² | Ежемесячный платеж |
|---|---|---|
| **1-комн.** | от 30,1 до 34,8 кв.м. | от 59 656,70 до 68 971,86 тенге |
| **2-комн.** | от 50,4 до 54,1 кв.м. | от 99 890,28 до 107 223,50 тенге |
| **3-комн.** | от 58,2 до 74 кв.м. | от 115 349,49 до 146 664,30 тенге |

**Информация для формирования списка**

**В заявке на участие в программе необходимо указать следующую информацию:**
Фамилия, Имя, Отчество, ИИН претендента, Дата рождения, Дата постановки в очередь, Мобильный телефон, Данные удостоверения (номер удостоверение личности, дата выдачи, срок действия), Электронная почта, Количество комнат

Контакты: +7 (7172) 79-75-75 (вн. 2791, 2789, 2783, 2786); 87787945050 (сотрудник акимата).
Горячая линия: 8 (800) 080-44-48.
Подробнее на сайте www.khc.kz.



» ҚҰРМЕТ ПЕН ДӘСТҮР

# ТАҚТА ҮСТІНДЕГІ ТУРНИР ӨЗ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

***Саранда Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Саран қаласының Құрметті азаматы Кабдырахман Абікенұлы Абікеновке арналған ІІ аймақтық командалық шахмат турнирі ұйымдастырылды.***

Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледждің конференц-залында турнирдің ашылу салтанаты өтіп, оған Саран қаласының Құрметті азаматы, Саран қаласының шахмат федерациясының төрағасы Анатолий Багринцев, қоғам белсендісі, саясаттанушы Серік Мұстафин, турнирдің бас төрешісі Николай Герасимов, колледж ұстаздары мен студенттері қатысты.

Кабдырахман Абікенұлы – 1923 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылында дүниеге келген. Қарқаралыдағы педагогикалық техникумын (бұл қазіргі Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжін) тәмамдаған. Бар ғұмырын білім беру саласына арнап, колледжде оқытушы, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, кейін 20 жылдан артық колледж директоры болып қызмет еткен. Оның білім ордасына қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Естеліктер тоғысқан турнирде архивтен алынған суреттерден құралған бейнежазба көрсетіліп, бір минут үнсіздік жарияланды. Сондай-ақ, саясаттанушы Серік Мұстафин Кабдырахман Абікенұлы жайлы естеліктерімен бөлісе отырып, Көрісу күніне орай Саран қаласының Құрметті азаматы Анатолий Багринцевтің иығына шапан жапты.

Осымен екінші рет ұйымдастырылған турнирге биыл алты команда қатысуға бел буған. Олардың арасында арнайы Қарағанды қаласынан келген қатысушылар да болды.

Тартысқа толы жарыстың нәтижесі бойынша №17 мектеп-гимназиясының қос командасы жүлдегер атанды. Біреуі 1-орыннан көрінсе, енді біреуі 3-орынды иеленді. Қарағанды қаласынан келген №24 ЖББ мектебі 2-орынға қол жеткізді. Жеңімпаз бен жүлдегерлер грамоталарға, медальдарға және кубоктарға ие болды. Белсене қатысқан командаларға алғыс хаттар берілді.

Тағы бір айшықты сәттердің бірі, жеңіске жеткен командаға Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанбол Жаяубаев ауыспалы кубокты табыстап, турнирдің өтуіне атсалысқан Саран қаласының Құрметті азаматы Анатолий Багринцевке, қоғам белсендісі, саясаттанушы Серік Мұстафинге және турнирдің бас төрешісі Николай Герасимовке ризашылығын жеткізіп, алғыс хаттармен марапаттады.

*Дина ӘБДІҒАЛИЕВА*

» НАУРЫЗ В НАШЕМ ГОРОДЕ

# Пусть Наурыз принесет радость!

***В школе-гимназии №17 состоялось яркое и запоминающееся празднование Наурыза. Для всех нас этот праздник имеет особое значение, ведь он символизирует обновление природы, начало нового года, единство и благополучие.***

Праздничное мероприятие началось с традиционной музыки и танца «Кара жорға», создавших атмосферу настоящего народного торжества. Почетных гостей, учителей, родителей и учеников — тепло приветствовали ведущие, поздравив всех с предстоящим праздником.

В мероприятии приняли участие председатель Саранского городского маслихата О.Баймаганбетов, председатель Саранского городского филиала РОО «Организация ветеранов» Ж. Токушева, руководитель отдела образования Г.Тохметова, ветеран образования К.Омаров, председатель Совета матерей г. Сарани Г. Жусупбекова, член Совета аксакалов г. Сарани С. Мустафин, директор КГП на ПХВ «Больница города Сарани» А. Рахимбеков, председатель первичной организации ветеранов образования О. Свиргун.

Особое внимание было уделено смыслу и традициям Наурыза. Ведущие напомнили, что этот праздник связан с равноденствием, обновлением природы и добрыми пожеланиями. Издавна в этот день люди приводили в порядок свои дома, накрывали щедрый дастархан, приглашали гостей и готовили главное блюдо праздника — наурыз-көже, состоящее из семи ингредиентов, символизирующих изобилие и благополучие.

Одним из самых трогательных моментов стала театрализованная сценка с участием школьников. В ней дети в диалоге с мудрой бабушкой узнавали о значении праздника, его традициях и народных поверьях. Особый интерес вызвал рассказ о Кыдыр ата — добром покровителе, который, по легенде, в ночь Наурыза обходит землю и приносит людям счастье и достаток.

Кульминацией сценки стало появление Кыдыр ата, который благословил всех присутствующих, пожелав мира, единства и благополучия каждой семье. Его слова о важности уважения к старшим, заботы о младших и стремления к знаниям нашли отклик в сердцах взрослых и детей.

Праздничная программа продолжилась концертными номерами. Ученики школы исполнили песни, танцы и музыкальные композиции. Прозвучали произведения на домбре и саксофоне, а также вокальные номера, посвящённые Родине, семье и весне. Каждый номер был наполнен искренностью и любовью к национальной культуре.

С поздравительными словами выступили почетные гости, отметив важность сохранения традиций и воспитания у подрастающего поколения уважения к культурному наследию.

Наурыз в очередной раз напомнил всем присутствующим о вечных ценностях — дружбе, взаимопомощи, уважении и стремлении к добру. Этот праздник объединяет людей разных поколений и дарит надежду на светлое будущее.

Завершилось мероприятие добрыми пожеланиями: мира, здоровья, достатка и благополучия в каждом доме. Пусть Наурыз принесёт радость, новые начинания и только хорошие перемены!

*Соб. инф.*








# **Наурыз:** факты о древнейшем празднике в мире



**Наурыз, вероятно, самый древний праздник в мире**

Наурыз больше связан с астрономией и годовыми циклами, нежели с конкретной религией и возник задолго до появления современных религий. Вероятно, как праздник он напрямую связан с наблюдением за небесными телами, что помогало древним сообществам выживать.

История праздника насчитывает 5 тысячелетий – об этом говорят историки Серик Ергали и Ханкельды Абжанов. Ергали убежден, что судить об этом можно по древним петроглифам, а Абжанов подчеркивает, что хотя точная дата возникновения праздника неизвестна, но письменные упоминания его встречаются уже в персидских источниках VII века до нашей эры – там Наурыз фигурирует уже как самостоятельный праздник весны и обновления. Само слово Наурыз персидского происхождения — «новый день».



В священной книге зороастрийцев «Авесте» (датируется 1200-155 гг. до н.э.) есть описания праздника весеннего равноденствия, хотя слово «Наурыз» не упоминается.

Учитывая значение календаря для жизни древних сообществ, можно предположить, что такое событие как равноденствие (21 марта) не могло остаться незамеченным нашими предками. Момент, когда после долгой зимы продолжительность дня сначала равняется с ночью, а потом только увеличивается, был знаковым и для древних охотников, и для земледельцев. Это символизирует равновесие и гармонию в природе.

**Вкусный символ — наурыз-коже стал олицетворением праздника**



Традиционным блюдом праздника является наурыз-коже, приготовляемое из семи ингредиентов: воды, мяса, соли, масла, злаков, кефира и других ингредиентов.

***Истоки этого блюда уходят в глубокую древность, когда кочевые племена отмечали весеннее равноденствие.***

Блюдо воплощает философию праздника: его ингредиенты символизируют изобилие, благополучие и гармонию.

Наурыз-коже традиционно готовится из семи ингредиентов. Это число имеет сакральное значение: оно ассоциируется с семью днями недели, семью планетами и семью основными благами жизни – водой, мясом, солью, жиром, мукой, крупами и молоком. Такое сочетание продуктов обеспечивало кочевникам насыщение и энергию, необходимые для тяжелого физического труда.

**Классический рецепт наурыз-коже:**

- Вода – основа блюда, символизирующая жизнь.
- Мясо – традиционно используется баранина или говядина.
- Соль – символ стабильности и долголетия.
- Молоко или кефир – для придания кисломолочного вкуса.
- Масло – для насыщенности.
- Крупы – чаще всего пшеница или рис.
- Злаки или мука – для густоты.

Приготовление начинается с варки мяса, затем добавляются крупы и кисломолочные продукты. Блюдо должно настояться, чтобы ароматы смешались и раскрылись.

**Наурыз – это «космические часы»**



Наурыз с точки зрения ученых — важное астрономическое событие. Весеннее равноденствие происходит ежегодно примерно 20–21 марта, когда Солнце пересекает экватор Земли в своем движении с южного полушария в северное.

*Это момент, когда ось Земли наклонена так, что оба полушария получают почти равное количество солнечного света.*

*Солнце в этот день восходит строго на востоке и заходит строго на западе.*

*Наступает астрономическая весна в северном полушарии.*

В древних астрономических обсерваториях, таких как Стоунхендж или обсерватории Центральной Азии, весеннее равноденствие (наурыз) использовалось для точной калибровки каменных календарей.

Наурыз также совпадает с моментом перехода Солнца в созвездие Овна (первый знак зодиака), что в астрологии символизирует начало нового цикла. Этот астрологический аспект добавляет культурную глубину празднику.

С научной точки зрения, Наурыз — это момент равновесия, важный момент в небесной механике. Этот праздник глазами астрономов — это не только культурное событие, но и древний способ синхронизации человеческой деятельности с природными циклами, основанный на астрономических наблюдениях.

**Подготовка к Наурызу начинается заранее**

Подготовка к Наурызу начинается задолго до 21 марта: перед праздником нужно очистить дом и душу. Уборка жилища, стирка одежды и избавление от старых вещей символизируют готовность к новому этапу жизни. Важно также примириться с теми, с кем были в ссоре, чтобы встретить Наурыз с чистыми помыслами.

Центральное место в праздновании занимает традиционное блюдо — наурыз коже. Его готовят из семи ингредиентов: воды, мяса, соли, жира, муки, злаков и молока. Каждый компонент имеет глубокий смысл, а само блюдо олицетворяет достаток и благополучие. Наурыз коже варят в больших казанах и угощают всех гостей, соседей и родственников.

В сам Наурыз проводятся айтысы — состязания акынов, где они демонстрируют свое мастерство в импровизации и поэзии. Также популярны народные игры, такие как кокпар (борьба за тушу козла), байга (скачки) и алтыбакан (качели).

Казахи всегда славились гостеприимством, и Наурыз — лучшее время для его проявления. В этот день двери домов открыты для всех, а столы ломятся от угощений. Благотворительность в эти дни играет важную роль: богатые делятся с бедными, чтобы никто не остался без праздника.

***Материал подготовлен из источников сети-интернет***



## Почему казахи на Наурыз обязательно дают бата: скрытый смысл древней традиции



***На Наурыз казахи традиционно произносят бата — особое сакральное благословение с пожеланиями здоровья, счастья, благополучия и удачи. Это философия, которая сопровождает человека с первого шага до больших жизненных побед.***

**Что такое бата**

Как объяснила историк Жулдыз Оспанова, бата — это традиционное казахское благословение, пожелание добра, счастья и благополучия. Считается, что бата имеет положительное влияние и сакральную силу.

*«Раньше ни одна встреча или застолье у казахов не обходилась без благословений — ак бата. В этом проявлялась подлинная культура уважения и скромности народа. Но бата — это гораздо больше, чем просто добрые слова. Считалось, что через них человек обретает духовную опору: благословение служило защитой от бед и открывало перед путником новые возможности. У этой традиции множество видов, и каждый из них несет в себе свой сакральный смысл», — отметила историк.*

**В чем смысл бата**

Специалист подчеркнул, что люди верили, что такие слова дают вдохновение, поддержку и силу духа.

*«Желают, чтобы дети выросли крепкими, готовыми защищать родину и народ. Когда ребёнок появляется на свет, ему дают имя, когда женят сына или выдают дочь замуж, когда кто-то отправляется в дорогу, на охоту, на войну или в дальнее путешествие, когда проводят обряды с едой, жертвоприношениями, на переезде, на великом празднике, в радостные или печальные моменты — во всех этих случаях произносят ак бата», — рассказал он.*

**Бата на Наурыз**

На Наурыз бата приобретает особое звучание. Как рассказал профессор кафедры археологии, этнологии и музееведения Казахского национального университета имени Аль-Фараби Аманжол Калыш, бата на Наурыз отличается своим содержанием в разных регионах.

Так, например, в Центральной, Западной и Северной частях Казахстана часто упоминают скот и его благополучие.

*«Пусть народ будет благополучен и пусть будет изобилие. Пусть это будет молоко, кымыз, шибат или айран, пусть народ будет счастлив, а скот — здоровым и процветающим. «Четыре вида скота» — основа жизни кочевников. Пусть у них всё будет хорошо, без бед и неприятностей, пусть благополучие продолжается из года в год, пусть годы будут счастливыми, пусть скот даст молоко, земля будет плодородной», — отметил он.*

По словам этнографа Болата Бопайұлы, бата помогает воспитывать трудолюбие, добрые намерения и чувство справедливости. Она не произносится ради похвалы или развлечения, а всегда несёт воспитательный смысл и даёт надежду.

*«Когда ребёнок впервые садится на лошадь, мать дома волнуется и переживает. Первое верховое умение ребёнка — это огромная радость и гордость для родителей. Говорят: «Сел на лошадь — стал мужчиной», — радуются, гордятся. В этот момент они дают бата ребёнку», — отметил он.*

**Бата говорят не только детям, но и молодым, путникам в дорогу или случайным гостям — везде, где хотят пожелать счастья, удачи и благополучия.**

***tengrinews.kz***

» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

# Сыбайлас жемқорлықпен күрес және заң үстемдігі

***Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, қоғамдағы әділеттілік пен тұрақтылыққа елеулі қауіп төндіретін әлеуметтік індет. Ол заңның үстемдігін әлсіретіп, азаматтардың мемлекетке деген сенімін төмендетеді және басқару жүйесінің тиімділігіне кері әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, сыбайлас жемқорлықпен күрес «Заң мен тәртіп» қағидатын нақты іске асырудың негізгі тетігі болып табылады. Мемлекет басшысы атап өткендей, заң бәріне ортақ әрі міндетті болуы тиіс. Заң мен тәртіп орныққан қоғамда әрбір азамат пен мемлекеттік қызметші өз әрекеті үшін жауапкершілік арқалап, заң талаптарын бұлжытпай орындауға міндетті.***

Заң үстемдігі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің басты негізі. Егер заң баршаға бірдей қолданылмаса, лауазымды тұлғаларға артықшылық берілсе немесе құқық бұзушылық үшін жаза бұлтартпастықпен қолданылмаса, жемқорлық тамырын терең жаяды. Керісінше, заң талаптары қатаң сақталған жағдайда, парақорлық пен қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану секілді әрекеттерге жол берілмейді. Заң мен тәртіпті қамтамасыз ету арқылы мемлекет әділ шешім қабылдау жүйесін қалыптастырып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға нақты кепілдік береді. Заң мен тәртіпке негізделген жүйеде әрбір қызметкер өз өкілеттігін заң шеңберінде жүзеге асырып, жеке пайдасын емес, қоғамдық мүддені басшылыққа алады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік институттарға деген сенімді арттырады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте алдын алу шаралары ерекше маңызға ие. Заң мен тәртіп қағидатына сүйенген алдын алу саясаты басқару процестерін жетілдіруге, артық әкімшілік кедергілерді жоюға және шешім қабылдау рәсімдерін барынша ашық етуге бағытталуы тиіс. Цифрландыруды дамыту, қызмет көрсету салаларын автоматтандыру және адам факторын азайту жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл шаралар тәртіпті күшейтіп, заң бұзуға жол бермейтін жүйе қалыптастырады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершіліктің рөлі ерекше. Заң мен тәртіп тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, ол бүкіл қоғамның ортақ құндылығы болуы қажет. Әрбір заңсыз әрекеттерге төзбеушілік танытып, адалдық пен әділеттілікті өмірлік ұстанымға айналдырғанда ғана жемқорлыққа қарсы нақты тосқауыл қойылады. Қоғамда заңды айналып өту емес, заңды сақтау қалыпты нормаға айналған жағдайда тұрақты тәртіп орнайды.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күрес пен «Заң мен тәртіп» қағидаты өзара тығыз байланысты және бірін-бірі толықтыратын ұғымдар. Заң мен тәртіпке негізделген қоғамда ғана әділеттілік салтанат құрып, тұрақты даму мен халықтың әл-ауқаты қамтамасыз етіледі.

Сондықтан, мемлекетіміздің кез-келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

***Р. ЖИЕНБАЕВА,***
***Саран қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының басшысы***

» АКТУАЛЬНО

# ГОСУДАРСТВЕННЫЕ УСЛУГИ, ОКАЗЫВАЕМЫЕ В СФЕРЕ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ НАСЕЛЕНИЯ

***Одной из основных функций управления является оказание государственных услуг в регулируемой сфере, выдача разрешительных документов.***

Государственные услуги оказываются на основе следующих основных принципов:
- равного доступа услугополучателям без какой-либо дискриминации;
- недопустимости проявлений бюрократизма и волокиты при оказании государственных услуг;
- подотчетности и прозрачности в сфере оказания государственных услуг;
- качества и доступности государственных услуг;
- постоянного совершенствования процесса оказания государственных услуг;
- экономичности и эффективности при оказании государственных услуг.

Приказом МЗ РК от 30 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-336/2020 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения» утверждены правила оказания государственных услуг по выдаче санитарно-эпидемиологических заключений. Настоящие Правила оказания государственных услуг по выдаче санитарно-эпидемиологических заключений разработаны в соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 19 и статьи 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» и подпунктом 1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года «О государственных услугах» и определяют порядок выдачи санитарно-эпидемиологического заключения о соответствии объекта высокой эпидемической значимости нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения и проектов нормативной документации по предельно допустимым выбросам и предельно допустимым сбросам вредных веществ и физических факторов в окружающую среду, зонам санитарной охраны и санитарно-защитным зонам, на новые виды сырья и продукции нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

Санитарно-эпидемиологическое заключение – документ, удостоверяющий соответствие нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения объектов государственного санитарно-эпидемиологического контроля и надзора.

Территориальное управление из 6 видов государственных услуг оказывает 3 вида: выдача санитарно-эпидемиологического заключения о соответствии (несоответствии) объекта высокой эпидемической значимости нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения и гигиеническим нормативам; выдача санитарно-эпидемиологического заключения на проекты нормативной документации по предельно допустимым выбросам и предельно допустимым сбросам вредных веществ и физических факторов в окружающую среду, зонам санитарной охраны и санитарно-защитным зонам, на сырье и продукцию; присвоение учетного номера объекту производства (изготовления) пищевой продукции.

Государственные услуги оказывается Комитетом санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан и его территориальными подразделениями (Управлением) через веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz, www.elicense.kz.

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги, включающий характеристики процесса, форму, содержание и результат оказания, а также иные сведения с учетом особенностей предоставления государственной услуги приведены в стандарте государственной услуги.



В случае представления заявителем неполного пакета документов и (или) документов с истекшим сроком действия специалист управления в течение 2 рабочих дней готовит мотивированный отказ в дальнейшем рассмотрении заявления.

Если объект не соответствует требованиям, установленным нормативными правовыми актами в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, принимается решение о мотивированном отказе в оказании государственной услуги. Предварительно уведомляем услугополучателя о таком предварительном решении, проводится заслушивание. По результатам заслушивания оформляется и выдается санитарно-эпидемиологическое заключение на объект либо направляется мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги.

Мотивированный отказ в дальнейшем рассмотрении заявления, подписанный электронной цифровой подписью руководителя управления, направляется услугополучателю в форме электронного документа.

Переоформление санитарно-эпидемиологического заключения осуществляется без проведения обследования объекта, в следующих случаях:

1) выявление в документе ошибок (опечаток);

2) реорганизация юридического лица, предусмотренная статьей 45 Гражданского Кодекса Республики Казахстан;

3) изменение адреса места нахождения объекта без его физического перемещения;

4) изменение наименования юридического лица или индивидуального предпринимателя;

5) при приобретении права собственности на действующий объект другим лицом без изменения целевого назначения объекта, вида осуществляемой деятельности, технологического процесса, мощности и структурных изменений объекта.

Жалоба на решения, действия (бездействие) специалистов управления по вопросам оказания государственных услуг подается на имя руководителя управления. Жалоба подлежит рассмотрению в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня ее регистрации.

В случае возникновения вопросов по оказанию государственных услуг, вы можете обратиться по телефону: 8(72137)76782.

***РГУ «Саранское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля»***

# РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ

УСЛУГИ

**СтройкА**

СТРОИТЕЛЬСТВО И РЕМОНТ

- Дома с нуля, бани, беседки
- Хоз. блоки, веранды, пристройки
- Кровля крыш, металлочерепица
- Канализация, установка септиков
- Водоснабжение, отопление
- Фундамент, отмостки, сайдинг
- Заборы, ворота, калитки кованые
- Покраска и реставрация домов
- Реставрация и замена полов
- Туалет, ванная под ключ
- Внутренние работы любой сложности

**БЫСТРО, КАЧЕСТВЕННО, НЕДОРОГО**
**ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКА 15%**
**8-775-783-04-09, 8-708-520-95-10**

УСЛУГИ

**Строительно-отделочные работы всех видов.**
Ремонт под ключ. Услуги сантехника, электрика.
Т.: +7-771-372-56-88 (WhatsApp Муратбек), +7-702-359-46-02.

УСЛУГИ

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: +7-775-406-08-17, 8-747-703-48-50 (Ирина).

СДАЕТСЯ

Сдается гараж по улице Труда, 22. Т.: 7-13-83.







Филиал АО «НК «Қазақстан темір жолы» - Дирекция по строительству новых проектов» в настоящее время реализует проект строительства новой железнодорожной линии «Бахты-Аягоз» с набором высококвалифицированных кадров по специальностям:
- машинисты путеукладочных кранов и комплексов;
- операторы спец.машин для укладки рельсошпальной решетки;
- машинисты выправочно-подбивочно-рихтовочных машин;
- машинисты балластировочных и планировочных машин;
- операторы железнодорожных строительных комплексов и иной спец.техники, применяемой в строительстве ж/д путей.

Предусмотрен двухсменный режим работы (дневная и ночная смена) по вахтовому методу с размещением работников в вахтовых городках.

**Дополнительная информация по телефонам:**
**8 (7212) 60-68-42, 8 (7212) 60-68-27.**







## КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы города Сарани сообщают, что 17.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 13.10.2025 года Русиновой Любови Николаевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 13.04.2026 г.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 29.12.2025 г. открылось наследственное дело после умершей 02.11.2025 года Пономарёвой Зинаиды Терентьевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 02.05.2026 г.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 13.01.2026 г. открылось наследственное дело после умершего 23.08.2024 года Картошкина Андреяна Семёновича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 09.10.2025 г. открылось наследственное дело после умершего 21.09.2025 года Батура Николая Валерьевича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 21.03.2026 г.

Лицензия №14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 17.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 25.02.2026 года Газимовой Антонины Федоровны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 25.08.2026 г.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 12.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершего 01.10.2025 года Ламбро Сергея Александровича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 01.04.2026 г.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 12.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 27.10.2025 года Шаматуриной Елены Геннадьевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 10.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершего 14.07.2025 года Кошкина Владимира Николаевича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 13.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершего 26.02.2026 года Хайрова Каняфии Шайдулловича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 26.08.2026 г.

Лицензия № 14018231 от 05.12.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 03.11.2025 г. открылось наследственное дело после умершей 17.09.2025 года Думрауф Фариды Зинуровны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани.

Лицензия №14005248 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Саран қаласының Құрметті азаматы, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұмабике Мұхаметжарқызы Токушеваны туған күнімен құттықтаймыз!

Сіздің жүрегіңіздегі жылу мен мейірім, даналық пен сабыр – талай жас буынның өмір жолына шамшырақ болып, адастырмай жетелеп келеді. Тәлім мен өнегені негізге ала отырып, әрбір ұйымдастырған кездесуді мәнді де мағыналы етіп өткізіп, жас ұрпақтың санасына ізгілік дәнін сеуіп жүрген еңбегіңіз – баға жетпес қазына.

Сіз төрағалық етіп отырған ардагерлер кеңесінің мүшелері қаламыздағы барлық іс-шараларға белсене атсалысып, өздерінің мол тәжірибесі мен өмірлік даналығы арқылы қоғамға айрықша үлес қосып келеді.

Осындай қуанышқа толы сәтте, Сізге ақ ниетпен зор денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

***«Саран қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ***
***«Саран тынысы» ЖШС ( редакция)***

» СПОРТ

# Чемпион из Сарани




***Воспитанник областной специализированной школы-интерната олимпийского резерва им. А. Молдагуловой Нұртуған Мұрат стал чемпионом Казахстана по греко-римской борьбе.***

Чемпионат Казахстана по одному из зрелищных видов спорта проходил в начале марта в Таразе. В нем принимали участие спортсмены в весовой категории до 75 кг., в возрасте до 15 лет.

Нұртуған Мұрат достойно представил наш регион, показав себя не только чемпионом, но и продемонстрировал свою силу воли, ответственность, целеустремленность, умения.

Ранее юный чемпион начинал тренироваться в Сарани в СДЮШОР у тренера С.Бектибаева, сейчас учится в Караганде. Его тренером на данный момент является старший тренер Областной специализированной школы- интернат Д. Баймбетов.

Поздравляем нашего земляка и желаем новых таких же ярких побед!

*Соб. инф.*

» ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ КҮНІ

# Наурыз мейрамының құндылықтары




***Наурыз – ғасырлар қойнауынан жеткен, халқымыздың рухани болмысын айқындайтын ұлы мейрам. Күн мен түн теңеліп, табиғат түлейтін бұл кезең – жаңару мен жасампаздықтың бастауы, сондықтан да Наурыз тек маусымдық мереке емес, ол – терең мағынаға ие ұлттық құндылық.***

Наурыз мейрамы - ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді.

Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, әз-Наурыз!», «Әз болмай, мәз болмас» деп қарсы алған.

Ежелден бері бұл күн «Ұлыстың ұлы күні» деп аталып, жақсылықтың жаршысы саналған. Адамдар бір-біріне ақ тілегін арнап, өкпе-ренішін ұмытып, татуласқан. Үлкендер бата беріп, жастар ізет көрсеткен. Мұның барлығы қоғамдағы сыйластық пен бірлікті нығайтудың жарқын көрінісі.

Наурыз мейрамы күн жылынғанда өте ауқымды шара етіп тойланады. Мерекеге үлкенді-кішілі және жастар атсалысады. Далада киіз үйлер тігіліп, ұлттық тағамдар дайындалады және бұл күні түрлі ұлттық ойындар ойнатылып, іс-шара кең ауқымда тойланатынын атап өту керек.

Наурыздың басты нышандарының бірі – наурыз көже. Жеті түрлі дәмнен дайындалатын бұл тағам молшылық пен берекені білдіреді. Әр шаңырақта дастарқан жайылып, қонақжайлық дәстүрі кеңінен көрініс табады. Бұл – халқымыздың дархан көңілі мен кең пейілінің айғағы.

Бүгінгі күнге дейін жеткен мейрамның тәрбиелік мәні өте зор. Егер бұрындары мейрамда үлкен кісілер бата айтып, туған-туыс бір-бірінің үйіне қонаққа барып, ойын-сауық құрған болса, қазір де сол дәстүр сақталып, адамдар бір-бірімен аралас-құраластығын тоқтатқан жоқ. Осы орайда, балалар үшін туысқандық пен бауырмалдылықтың, қонақжайлылықтың маңызын іс жүзінде көрсетіп беретін, тәрбие беретін бірден-бір салтанат. Наурыз мейрамының бұл тұрғыда тәрбиеге қаның мейрам деп те атауға болады.

Мереке күндері ұлттық ойындар ұйымдастырылып, салт-дәстүрлер жаңғырады. Көкпар, қыз қуу, арқан тартыс секілді ойындар жастарды ептілікке, батылдыққа тәрбиелейді. Ұлттық киімдер киіліп, ән мен күй шырқалады. Осылайша, Наурыз ұлт мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін алтын көпірге айналады.

Бүгінде Наурыз тек Қазақстанда ғана емес, көптеген елдерде аталып өтеді. Бұл мереке халықтарды ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіріп, бейбітшілік пен келісімді насихаттайды.

Қорыта айтқанда, Наурыз – өткен мен бүгінді жалғаған, татулық пен жаңарудың символына айналған ұлы мейрам.

Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа құт-береке, ырыс-ынтымақ әкелсін!

***Г. Омарова,***
***Саран қалалық***
***сотының судьясы***







**Саран газеті**

Директор ТОО «Саран тынысы», Х.Т. ДАИРОВА

Газета зарегистрирована в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.
Республиканское государственное учреждение "Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан"
Свидетельство № KZ82VPY00121161 от 05.06.2025 г. (номер и дата первичной постановки на учет 10.02.2006 г., 6940-Г)

Собственник: ТОО «Саран тынысы»

Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1
Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит один раз в неделю, форматом А3 Тираж 710

Газета набрана и сверстана в редакции

Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО "Типография "Арко" 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева,15
Печать офсетная. Заказ № 12

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.